

Тобыл жағалауында домбыра күні аталып өтті

Домбыра – ән мен күйдің елшісі, Домбыра – жүректердің емшісі, Домбыра – рухани қазына – байлық, Қазақтың ұлттық айқын белгісі

Қазақтың қара домбырасын осындай бір шумақ өлең жолдарымен ұлықтағанды жөн санадым. Шілденің 1-і күні осынау ұлттық шертпелі аспабымыз саналатын домбыраның мерекелік күні Қостанай қаласындағы Тобыл өзенінің жағасында орналасқан «Тәуелсіздікке – 25 жыл» атты керемет саябақта аталып өтті.

Бұл мерекеге Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 1,3-курс курсанттары да барып, көрермендер қатарынан орын алды. 3-курс курсанттары полиция старшинасы Альменов Азамат Серікжанұлының жауапкершілігінде барып, көптеген сахналық домбыра қойылымдарын тамашалап қайтты. Курсанттар домбыраның қоңыр үнінен рухани қуат алып, Тобылдың жағасынан ескен самалдан еркін тыныстанып жандары мен тәндеріне кереметтей рахат алды. Осынау мерекеге Қостанай академиясының да домбырашылары қатысып керемет өнерлерін көрсетті.

Мереке қонақтарының қатарында Қостанай академиясының бастығы полиция генерал-майоры Қызылов Мирлан Ахмедияұлы болып домбырашылардың өнерін курсанттармен қатар тамашалады.

Тұрсынбай ДУМАНЖАН,
Академия курсанттар баспасөзінің мүшесі



Биылғы жыл Қостанай академиясы үшін құтты жылға толы болды. Себебі қарқынды еңбектің арқасында Академия ұжымы әр салада жетістіктерге жетіп, Академия беделін арттыруда.

Осындай жетістіктердің жалғасы жақында ғана болып өткен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының саптық алаңында оқу бітіруші түлектерге алғашқы офицерлік «лейтенант» шенін беру салтанатын айтуға болады.

Биылғы түлектер үшін бұл жыл аса маңызды оқиғалармен, яғни Қазақстан полициясы күні және елордамыз Астана қаласының 20 жылдығы және Шырақбек Қабылбаевтың 110 жылдық мерейтойымен ұштасып

Цифрландыру – сот жүйесінде де аса маңызды

ҰЛТ ЖОСПАРЫ: ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Заманауи сот жүйесі – ол мемлекеттің басты негізін құрайтындарының бірі, ол біздің мемлекетіміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңару, нығаюы жолындағы демократиялық дамудың қозғалтқыштарының, құралдарының бірі. Азаматтардың қазақстандық заманауи құқықтық саясатқа деген қарым-қатынасы, көзқарасы осы жүйенің жағдайына байланысты. Барлық сот отырыстарында аудио-, бейнежазба құралдарын қолдану – Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарында жеке қадам болып бекітілген.

Қазақстан Республикасының сот жүйесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету үшін қазіргі уақытта соттар цифрлық форматтағы аудио-, бейнежазба құралдарымен жабдықталған. Сот отырысының барысын аудио-, бейнежазбаға түсіру қағидалары Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әзірленген және сот отырысының барысын түсіріп алуды қамтамасыз ететін аудио-, бейнежазба құралдарын техникалық қолдану, аудио-, бейнежазбаны сақтау және жою, аудио-, бейнежазбаға қол

жеткізу тәртібін айқындайды. Сот отырыстарын аудио-, бейнежазбаға түсіру сот талқылауы барысын дәл тіркеу үшін сот ісін жүргізу мақсатында, сондай-ақ азаматтық, қылмыстық сот ісін жүргізуде, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуде немесе тәртіптік іс бойынша іс жүргізу шеңберінде нақты деректерді белгілеу мақсатында пайдаланылады. Егер сот отырысына қатысушылардан даулы сұрақтар туып қалатын болса, олар электрондық жазбаға жүгіне алады, соған сәйкес өзіннің уәжінің дұрыстығына немесе дұрыс еместігіне нақты жауап ала алады. Сот отырысы барысында аудио-, бейнежазба құралдарын пайдаланғанда сот отырысының қысқаша хаттамасы жасалады, олаудио-, бейнежазба бар материалдық (электрондық) жеткізгішпен қоса іс материалдарына қоса тіркеледі.

Сот отырысының барысын түсіріп алуды қамтамасыз ететін аудио-, бейнежазба құралдарын пайдалануды сот отырысының хатшысы іске асырады.

Азаматтық немесе қылмыстық іске қатысушы адамдарды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамдарды, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізудің басқа қатысушыларын, олардың өкілдерін сот отырысының аудио-, бейнежазбасымен

таныстыру олардың өтінішхаты бойынша жүзеге асырылады.

Іс жабық сот отырысында қаралған жағдайда, іске қатысушы адамдарға және олардың өкілдеріне сот отырысының аудио-, бейнежазбасы берілмейді, оларға сот отырысының аудио-, бейнежазбасымен таныстыруды қамтамасыз ету мүмкіндігі сотта жүргізіледі.

Іс ашық сот отырысында қаралған жағдайда, іске қатысушы адамдардың жазбаша өтінішхаты бойынша сот оларға сот отырысының аудио-, бейнежазба көшірмесін ұсынады. Материалдық (электрондық) жеткізгіште немесе ақпараттық сервис арқылы сот отырысының аудио-, бейнежазба көшірмесін беру туралы арызда:

1) ұсынылатын сот отырысының аудио-, бейнежазба көшірмесін іске қатысатын басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбай, тек өз құқықтарын қорғау үшін ғана қолдану;

2) ұсынылатын сот отырысының аудио-, бейнежазба көшірмесін бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде Интернет желісінде таратпау;

3) ұсынылатын сот отырысының аудио-, бейнежазба көшірмесін үшінші тұлғаларға бермеу туралы міндеттемелер алынады.

Сонымен бірге, іске қатысушы адамдар

азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзғаны, сонымен қатар, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бұзғаны үшін заңда белгіленген әкімшілік және қылмыстық жауаптылық туралы ескеріледі.

Сот отырыстарында аудио-, бейнежазба техникалық құралдарын пайдалануды енгізу, ол заңның үстемділігіне негізделген сот төрелігінің қазіргі уақыттың талаптарына сәйкес келетінінің дәлелі. Аудио-, бейнежазба техникалық құралдарын қолдану сот төрелігін жүзеге асыру процесін жеңілдетеді және сот өндірісін оңтайландырады.

Сот өндірісіне жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары аясында жүзеге асырылатын сот жүйесін жаңғыртудың маңызды бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауында қойылған мақсаттардың ойдағыдай орындалып жатқанын дәлелдейді.

Нұргүл ҒАБДРАХОВА,
Жангелдин аудандық сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

Жолдарыңыз болсын, жас офицерлер!

үздік, тәртібі жағынан салмақты, спорт жағынан шынық, өнер жағынан талантты 5 курсант Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің қолынан арнайы «лейтенант» атағын алды. Ал 2 курсант алдағы Астана қаласының 20 жылдық мерейтойы қарсаңында өтетін салтанатты іс-шарада Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолынан арнайы «лейтенант» атағын алады. Бұл көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда екі есеге артып отыр. Осындай жетістіктерді көріп отырып-ақ Академияның басшылығы және профессорлық-оқытушылар

білікті маман, адал ұстаз екендіктері байқалады.

Дипломды тапсыру сәтінен кейін келесі күні күндізгі оқыту факультетінің түлектерін шығарып салу рәсімі өткізілді. Салтанатты рәсімнің құрметті қонақтары Қостанай облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Үкин Кенжебек Үкіұлы, Қазақстанның Еңбек Ері Тұрсынов Алмат Жанәбілұлы және Қостанай облысы бойынша Ішкі істер департаментінің бастығы полиция

генерал-майоры Аймағамбетов Бекет Иманұлы және де түлектердің ата-аналары болды.

Түлектердің ата-аналары, іс-шара қонақтары әрдайым аянбай білім беріп, 4 жыл бойы курсанттық өмірмен, білім нәрімен сусындатқан, оқу мен ғылымның, тәртіп пен ізгіліктің тура жолына бастаған Академияның басшылығы мен профессорлық-оқытушы құрамға алғыстарын білдіріп, түлектерді осы айрықша маңызға ие күнмен құттықтап, өздерінің жүрекжарды тілектерін білдіріп жатты.

Салтанатты рәсім барысында Академия курсанттарының қатысуымен іс-шараның қадірменді қонақтарының назарына салтанатты сап түзеу, үрмелі аспаптар оркестрінің

сүйемелдеуімен саптық маршпен жүріп өту, карабиншілер топтары, 2-курс курсант-қыздарының дабылшылар тобы, оқу орнымыздың мықты спортшыларының жауынгерлік көрсетілімдері, түлектердің офицерлік вальсі және 1-3 курс курсанттарының орындауында әрбір қазақстандықтың жүрегінде патриоттық сезім ұялататын «Мен қазақпын» саптық әні ұсынылды.

Кеш соңы салтанатты концерттік бағдарламаға ұласты.

Мейрам ОСПАНОВ,
Академияның баспасөз хатшысы



Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru

ҰЛТ ЖОСПАРЫ: ЕЛДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫН ҚОРҒАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

«Жаңа өмір шындығы шартындағы рухани жаңғыру» атты кездесудің мәні зор



Адам баласына аса қауіпті діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, жұртшылықтың, әсіресе жастардың діни мәселелер бойынша сауаттылығын арттыру жөнінен түрлі іс-шаралардың қолға алынып жатқандығы біздің Қостанай өңірінде де анық байқалады.

Бұл ретте қоғамда, ең алдымен жастар ортасында діни экстремизмінің алдын алуды күшейту қажеттілігіне, сондай-ақ конфессиялық бейбітшілік пен келісім орнаған, діншілдер мен атеистік көзқарасты ұстанған азаматтардың да құқықтары сақталатын және құрметтелетін зайырлы мемлекет – Қазақстан Республикасының дәстүрлері мен мәдени құндылықтарына сәйкес тұрғындарында діни сананың қалыптасуына ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, қазіргі кезеңде әлемдегі жаһандану үрдісі мен шиеленісу әлеуетінің өсуі халықаралық және ұлттық қауіпсіздік ахуалына елеулі әсерін тигізіп отыр. Бұған дәлел әлі күнге есімізден кетпей жүрген Ақтөбе және Алматы қалаларында болған төбе шашты тік тұрғызып, дене түршіктіретін оқиғалар.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан – 2050» стратегиясы: «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси

бағытты» атты Жолдауында б а с ы м міндеттердің і ш і н д е радикализмнің, экстремизмнің ж ө н е терроризмнің барлық түрлері мен көріністеріне қарсы іс-қимыл

айқындалғандығын айрықша атап өтуге болады.

Қазіргі, дамыған әлемде идеологиямен жүргізілетін күрес саяси теңсіздік шегінен асып түсті, себебі діни құрлым өзіндік іс-әрекетін жүйелілік баламасын мемлекеттік дамуына жоспарларын ұсынуға. Әр адам өзіне жақын діни нанымды ұстануға ерікті, бірақ та осы дінді дұрыс түсінбеушілік, дін мәселесі жөніндегі сауатсыздық, сол адамның өзіне қарсы тұруы мүмкін, оның тұлғалық қасиеттерінің бұзылуына және еркіне қысым етуіне әкеп соқтырады. Бұндай жағымсыз әрекеттердің алдын алу - дін мәселесі тәжірибеге халықпен белсенді жұмыс атқару болып табылады. Теріс дінді насихаттауға және үгіттеуге тыйым салу шаралары қоланыстағы Конституциялық заңда қатаң сақталмағандықтан, мемлекет пен қоғамның бірлігі мен қауіпсіздігін бұзуға және де ұлттық өшпенділік пен араздыққа әкеп соқтыруы әбден мүмкін. Міне, бұндай қателікті болдырмау үшін саяси - діни экстремизмге қарсы тиімді күрес жүргізу керек.

Жаңа қатерлер мен сын-тегеуріндердің алдын алу үшін, осы өткен маусым айында Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығында (Қостанай қ.) арнайы

алғашқы оқыту курсының тағылымдамашыларымен «Жаңа өмір шындығы шартындағы рухани жаңғыру» тақырыбы бойынша дін саласы төңірегінде тәжірибелік қызмет атқарып жүрген қызметкерлермен кездесу өткізілді.

Әр түрлі дәстүрлі сабақтармен қатар, сыныптық-топтық сабақтар, тренингтер және конференциялар өткізіліп отырылады, мұндай сабақ түрлері тағылымдамашылардың теориялық алған білімдерін бекітуге, теория мен тәжірибе үрдісі арасындағы байланысты көрсетуге, қандай да бір мәселенің мәнін анығырақ түсінуге, жете білуге және де білім беру үрдісін шоғырландыруға үлкен көмек береді.

Осы мақсатта, Қазақстан Республикасы ІІМ (Қостанай қ.) Оқу орталығының әлеуметтік және жалпы құқықтық пәндер циклының оқытушылары, облыстың жоғары оқу орындарының оқытушыларымен және Қостанай қаласының «Жайлаубай ата» мешітінің имамымен, сонымен қатар Оқу орталығының бастығы полиция полковнигі А. Бүкіровтың қатысуымен бірге кездесу ұйымдастырды.

Кездесуді Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығының бастығы полиция полковнигі Ардақ Берікұлы Бүкіровтың қатысуы қонақтарды таныстырып алғы сөзімен бастады.

Қостанай облысы әкімдігінің дін істері жөніндегі басқармасының маманы әрі Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының әлеуметтік-гуманитарлық кафедрасының аға оқытушысы, психология ғылымының магистрі, полиция капитаны Мырзабек Сардарбекұлы Тойғанов

өзінің «Дін саласындағы Рухани жаңғырудың жолы» тақырыбында баяндама жасады, Қазақстан Республикасында исламның жандануымен байланысты бірқатар мәселелерді көрсетті.

Қостанай қаласының «Жайлаубай ата» мешітінің имамы Дайыр Дүйсен тағылымдамашыларға исламдықтың тарихы, адам баласының бойындағы адамгершілік қасиеттері, мұсылмандықтың парыздары, оқу мен білім жолындағы сауаттылықтары жайында өз пікірін білдірді.

Ал, Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының әлеуметтік-гуманитарлық кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымының магистрі, полиция капитаны Болат Бахытбекұлы Алпеисов тағылымдамашыларға ислам дінінің қазақ жеріне таралуы жайында көптеген тарихи дәлелдерді алға тартты.

Кездесу соңында сөз сөйлеген баяндамашыларға тағылымдамашылардың тарапынан үлкен қызығушылық және белсенділік байқалды, ортаға шығып сөз сөйлегендерге көп сұрақтар қойылды, кездесудің құрылымы мәнді болды, бұл осы форматта тәжірибелік сабақ өткізуді кеңейту қажет екендігін тағы да дәлелдеді.

А. ДҮЙСЕНБАЕВА,
Қазақстан
Республикасы ІІМ
Оқу орталығының
(Қостанай қ.)
әлеуметтік және жалпы
құқықтық
пәндер циклының
бастығы
полиция аға
лейтенанты

Оқу-танымдық тәжірибесі бойынша кездесуі өткізілді

2018 жылдың 26 маусымында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының акт залында Академия басшылығының күндізгі оқыту факультетінің 2-курс жеке құрамымен кездесуі өтті.

Аталмыш кездесуге Академия бастығының орынбасары полиция полковнигі А. Нурушев, заң институтының бастығы полиция полковнигі А. Брылевский және Академия бастығы көмекшісінің міндетін атқарушы А. Күсеубаев қатысты.

Биылғы жылы 2-курс курсанттары тек қана

емтихан тапсырып қана қоймай, сонымен қатар 2018 жылдың 2 шілдесінен 29 шілдесі аралығында тұрғылықты мекенжайлары бойынша Қазақстанның әр аумақтарындағы ІІД, ҚАЖД-де оқу-танымдық тәжірибесін өтеді. Академия басшылығы күндізгі оқыту факультетінің курсанттары үшін білімдерін тереңдету және нығайту, тәжірибелік қызметке қажетті кәсіби білімдерін қалыптастыру мен дамыту мақсатында өткізілетін оқу-танымдық тәжірибесінің маңыздылығын, сондай-ақ танысу тәжірибесіндегі курсанттардың негізгі міндеттері мен мақсаттарын атап өтті. Кездесу барысында жазғы емтихан қорытындылары бойынша Күндізгі оқыту факультетінің бастығы Г. Кульжанова қатысты.

Тәжірибеге тікелей басшылық жасайтын кафедралар, яғни ӘҚЖӘҚ және ҚҚАҚЖК кафедрасы тәжірибе өтетін курсанттарды шақыра отырып, нұсқаулық жиындарын өткізгенін баяндады. Жалпы, кездесу барысында оқу-танымдық тәжірибенің бағдарламасы жарияланды, курсанттардың негізгі міндеттемелері анықталып, тәжірибенің басқа да тиімділігі үшін маңызы бар ұйымдастырушылық мәселелер шешілді, оқу-танымдық тәжірибесі және жазғы демалыс



кезінде курсанттардың әскери-қызметтік тәртіпті сақтау ережелері, нысанды киім үлгісін бұзбау жайлы ескертілді.

Кездесу соңында Академия басшылығы 2-курс курсанттарына тәжірибеден сәтті өтіп, жазғы демалыста жақсы демалып қайтуларына тілек білдірді.

Э. КАНАТЧИНА,
Академия баспасөз қызметінің мүшесі
2-курс курсанты

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының басшылығы мен ұжымы Назмышев Ахмат Айттышұлына анасының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Адалдығымен абыройға жеткен

Адамгершілік, әділдік пен адалдық, ар-ұят тәртізді асыл қасиеттер адам өмірінің адастырмас шамшырағы. Міне, осындай қасиеттерге ие, жақсы бағыттан жаңылмай, өмірде өзіндік орнын тапқан азаматшаның бірі – Мереке Шайкеновна Ғалиева.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының Магистратурасында әр күнін сүйікті ісімен көріктендіріп жүрген асыл жандардың бірі - полиция майоры Мереке Шайкеновна Ғалиева.

Мереке Шайкеновнаның Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Оқу орталығында (Қостанай қаласы) курс бастығының орынбасары қызметінде қызмет атқарған кезеңнен жақсы білеміз, бізді жақсы біліммен және тәрбиемен сусындатты. Барлық тыңдаушыларға жақсы жоғары деңгейдегі оқытушы, ана бола білді. Осындай Мереке Шайкеновнаның сияқты асыл, таза, мейірімді, білімді, ақылды жандар көп болса екен дейміз. Ақжарқын мінезімен жаныңды бірден баурап алатын ол ұжым, тыңдаушылар ортасында да, үлкен сый-құрметке ие болды. Әскери қызмет қаталдық пен қатандықты талап еткенімен, оның жүзінен әрдайым мейірім төгіліп, қашанда көмек қолын созуға дайын тұрады. Сонымен қатар, ол ойға түйгенін бүкпей айтатын турашыл, «бір үйдің баласы болма, көп үйдің панасы бол» дегендей адамдарды бөліп-жармай бауырына тартатын ерекше жан.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп, біз құрмет тұтатын Мереке Шайкеновнаның алдағы уақытта да жаңа белестерден көрініп, өз қызметінің үздігі бола беруін тілейміз.

Оқу орталығының тыңдаушылары:
Ақмарал, Алмагүл, Айбат, Нұрсұлтан,
Дана, Виталий, Руслан т.б.

Жолаушылар

поезындағы кездесу

Жақында Қостанай ст. ІІЖБ бастығы полиция полковнигі Исин Әділжан Бақытжанұлы «Қостанай - Алматы» бағытындағы жолаушылар поезында кездесу өткізді.

Бұл іс-шара халық арасында құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру, азаматтардың құқықтық санаты мен мәдениеттілігін жоғарылату, жасөспірімдер қылмыстарынан сақтандыру және алдын алу, сондай-ақ, жолаушылар мен поезд бригадасының жұмысшыларымен жеке әңгімелесу және олардың көлік полициясы жұмысы туралы пікірлерін білу мақсатында 2018 жылға бекітілген ақпараттық жоспарына сәйкес өткізілді. Аталған кездесуге Қостанай ст. ІІЖБ қызметкерлері, поез бастығы Т.Т. Құсаинова және жолаушылар поезының жолаушылары қатысты.

Кездесу барысында Елбасы Жолдауының бағытының біреуі: халықпен өзара іс-қимыл жасасу және сапалы жауаптар алу мақсатында азаматтардың шағымдарын қарауы түсіндірілді. Сондай-ақ, Қостанай ст. ІІЖБ-де және бағынысты бөліністерінде «Нұр Отан» партиясы филиалының, Қостанай көлік прокуратурасы өкілдерінің қатысуымен жолаушылар поездарында азаматтарды қабылдау жүргізіледі.

Әділжан Бақытжанұлы жолаушыларға ең басты жеңіл ережелерін: жолаушыларға бейтаныс адамдар арасында өздерінің ұялы телефондарын көрсетпеу, поезд купесінде немесе темір жол вокзалындағы кафесінде қараусыз қалдырмау және бір бағыттағы адамдарға өз заттарын қолдануға бермеуін атап өтті.

Жолаушыларға профилактикалық сипатындағы брошюралар үлестірілді, онда азаматтардың Қостанай станциясындағы ІІЖБ-ге шағымдану үшін сенім телефоны: 8-7142- 90-16- 12 көрсетілген.

Қостанай ст. ІІЖБ

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru